

DOI: <https://doi.org/10.69722/1694-8211-2025-60-159-171>

УДК: 82.091

**Бауыржан ОМАРҰЛЫ, филол. ғылымд. докт., проф.**

*ҚР ҰҒА академигі,*

*Алматы ш., Қазақстан*

**АРЫСТАНБЕК БҮЙЛАШҰЛЫ ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ПЕН ҚЫРҒЫЗ МӘСЕЛЕСІ**

Макалада қыргыз халқының төкпе ақыны Арстанбек Бүйлашұлының шыгармаларындағы қазақ, қыргыз халықтарындағы саяси-әлеуметтік мәселелер зерттеледі. Сонымен қатар, ақын омір сүрген кезеңдегі қыргыз халқының билік басында түрган Ормон хан, Жантай, Төрекелді, қазақ төресі Тезек бидің қызметі Арстанбектің айтыстарына тигізген әсері туралы сөз болады. Сондай-ақ, Арстанбектің заман тақырыбында ерекше орны бар ақын екендігі айтылады. Ақынның шыгармашылығы 1940 жылдардағы жалпы совет еліндегі саяси жағдайлардың нағтижесінде қара тізімге енгізіліп, шыгармалары оқу мен зерттеуге тыйым салынған себептері талданады. Бұдан басқа, Арстанбек Бүйлашұлының қазақ ақыны Сүйінбай Арунұлы мен төкпелік өнерлерін сынап айттықша шынқан таланттары да атап отіледі.

**Түйінді сөздер:** ақын, төкпелік өнер, айтыс, заман, қыргыз халқы, қазақ халқы, ру.

**Бауыржан Омарулы, филол. илимд. докт., проф.**

*РК УИА академиги,*

*Алматы ш., Қазақстан*

**АРСТАНБЕК БҮЙЛАШ УУЛУНУН ЧЫГАРМАЧЫЛЫҒЫНДАГЫ КАЗАҚ  
МЕНЕН ҚЫРҒЫЗ МАСЕЛЕСІ**

Макалада қыргыз элинин токмо ақыны Арстанбек Бүйлаш уулунун чыгармаларындағы казақ, қыргыз элиндеги саясий-социалдық мәселелер изилденет. Муну менен қатар ақын жашиаган доордогу қыргыз элинин бийлік башында түрган Ормон хан, Жантай, Төрөгелди, казақ төрөсү Тезек бийдин шимердүлүгү Арстанбектін айтыстарына тийгизген тасасири туурашту да сөз болот. Ошондой эле Арстанбектін замана темасында өзгөчө орду бар ақын екендиги белгиленет. Ақындың чыгармачылығы 1940-жылдары жалпы совет элиндеги саясий қырдаалдардың натыйжасында қара тизмеге киргизилип, чыгармалары окутууга жана изилдөөгө тыюу салынгандығынын себептери анализге алынат. Мындан сырткары, Арстанбек Бүйлаш уулунун казақ ақыны Сүйінбай Арун уулу менен төкмөлүк өнөрлөрүн сынап айтышка чыккан таланттары да белгиленет.

**Түйүндүү сөздөр:** ақын, төкмөлүк өнөр, айтыши, замана, қыргыз эли, казақ эли, уруу.

**Бауржан Омарулы, докт. филол. наук, проф.**

*академик НАН РК,*

*г. Алматы, Қазахстан*

**ВОПРОС О ҚЫРГЫЗАХ И КАЗАХАХ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АРСТАНБЕК  
БҮЙЛАШ УУЛУ**

В статье автор исследует социально-политические проблемы казахов и кыргызов по материалам произведений кыргызского народного поэта-импровизатора Арстанбека Буйлаша уулу. Также автор исследует влияние на импровизаторскую деятельность Арстанбека кыргызских правителей того времени: хана Ормона, Жантая и Торогелди, а также казахского бия Тезека. В статье отмечается, что Арстанбек занимает особое место среди поэтов-заманистов. Автор также анализирует причины того факта, что в 1940-е годы под влиянием обстоятельств, в котором находился весь советский народ, произведения Арстанбека попали в черный список и были под запретом изучения и исследования. Также автор отмечает таланты поэтов-импровизаторов Буйлаша уулу и Сүйунбая Арун уулу, которые выходили на соревнование по импровизаторству.

**Ключевые слова:** поэт, импровизаторское искусство, айтыши, время, кыргызский народ, казахский народ, племя.

*Baurjan Omar Uulu, doc. of philol. science, prof.  
academic NAS of Kazakhstan,  
Almaty, Kazakhstan*

### THE QUESTION OF KYRGYZ AND KAZAKHS IN THE WORKS OF ARSTANBEK BUYLASH UULU

*In this article, the author explores the socio-political issues of Kazakhs and Kyrgyz based on the works of the Kyrgyz folk poet-improviser Arstanbek Buylash uulu. The author also examines the influence of contemporary Kyrgyz rulers, such as Khan Ormon, Jantay, and Torogeldi, as well as the Kazakh biy Tezek, on Arstanbek's improvisational activities.*

*The article highlights Arstanbek's special place among the poets of the Zamanist movement. The author also analyzes the reasons why, in the 1940s, due to the political circumstances of the Soviet era, Arstanbek's works were blacklisted and banned from study and research. Additionally, the author notes the talents of poet-improvisers Buylash uulu and Suyunbai Aron uulu, who competed in improvisational contests.*

**Keywords:** poet, improvisational art, aitysh, time, Kyrgyz people, Kazakh people, tribe.

Заман жайын толғаған қырғыздың төкпе ақындарының бірі – Арыстанбек Бүйлашұлы (1824-1878). Қырғыз ғалымы Батма Кебекованаң дерегіне сүйенсек, ол еліне тек арқалы ақын ғана емес, әйгілі қүйші, шебер қомузшы ретінде де танымал. Өз халқының жыршы бұлбұлы атанған адам. Нарын топырағында дүниеге келіп, Үйстықкөлдің төскейінде өмірден озған. Денесі Тасқия бейітіне қойылған. Арыстанбектің өзі Бұғы руының Тынымсейіт бөлігінен тараған үрпак [1, 96].

Арыстанбек – таным-түсінігі мол, ұлтының мұддесі үшін курескен ақын. Оның шоқтығы биік тұратын шығармасы – «Тар заман» атты толғауы [2, 22-31]. Қырқыншы жылдардан бастап есімі қара тізімге алынып, мұрасын зерттеуге тыым салынған соң, оның шығармаларын жұрт аузынан жазып алудың өзі қыынға соқты. Осындай себептерге байланысты Арыстанбектің өлеңдері халық санасынан өшіп кету қаупі тұғандай еді. Бірақ 1933-34 жылдарда Қабай Әбдірахманұлы жазып алған жырлар, басқа да ел есінде сақталған азды-көпті шығармалар Арыстанбек мұрасын қайта тірілтті. Қабай жазып алған дүниелердің ішінде Арыстанбектің қазақ ақындары Сүйінбай және Қантарбаймен айтыстары да бар.

Арыстанбек Бүйлашұлының есімі өз заманында және өзінен кейін ғұмыр кешкен әйгілі ақындардың өлең-толғауларында жиі аталады. Мәселен, Женіжоқ: «Көл башы әкен Каркыра, Қөркемдүү ырчы бар тұра, Оттой жанып көздөрү, Ой, ақылы шар тұра», – деп тамсанса, Молда Қылыш: «Арстанбектин айтканы, Билсең ушул замана» – деп толғайды. Тоғалақ Молда: «Ажалга арга кыла албай, Арстанбек өткөн, ким калат», – деп күйінсе, Османқұл: «Ақындардың көркөмү, Арстанбек кандай ырчы әкен?», – деп

сүйсінеді. Ал Қалық ырчы оның ақындық табиғатын былайша бейнелейді:

«*Тар заманды*» ырдаған,  
Таасын ырчы *Арстан*.  
...*Аз жашап, бирок саз берген,*  
*Анық ырчы даанышман* [2, 141].

Батма Кебекова «Арыстанбек» атты зерттеуінде ақын шығармашылығын қазақтың әйгілі жыр жүйіктері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы және Мұрат Мәңкеұлы өлеңдерімен салыстыра отырып пікір айтады. Сондай-ақ зар заман поэзиясының түпкі бастау-бұлақтарын қазақ пен қыргызға ортақ Асан Қайғының, Абылайханның ақылшысы Бұқар жыраудың толғауларынан табуға болатынын атап көрсетеді [3, 30].

Қалығұл Байұлының «Ақырзаман», Арыстанбек Бұйлашұлының «Тар заман» жырлар топтамалары қыргыз зар заман поэзиясы (замана поэзиясы) мектебіне негіз болды. Көрші елдің әдебиетінде бұл дәстүрлі тақырыпқа жазылған шығармалардың тізімі былайша жалғасады: Солтобайдың «Жарықтығым көл – Атасы», Молда Қылыштың «Зар заманы», Алдаш Молданың «Хал заманы», Тогалақ Молданың «Зар заманы», Женіжок, Сағымбай, Алтай Айдарбекұлының «Заманалары». «Демек, бұдан қыргыз поэзиясының тарихында замана поэзиясы өзінше бір күрделі форма қатарында орын алғаны айқын көрінеді. Кейбір фактілерге жүгінсек, қазір де жандану алдында түрғандай. Сондықтан салыстыру аясын кеңейтіп, замана поэзиясын терең зерттеу нысанасына айналдырған ләзім» [3, 33].

Зар заман поэзиясындағы негізгі мотивтің бірі – бардың жоғалуын, жаңаның тозуын, кенейгеннің тарылуын, құндының азғанын жырлау екені белгілі. Көбіне-көп мұндай тұжырымдар ақырзамандық сарындағы пайымдауларға тіреледі. Бір қарағанда Шортанбай, Әбубәкір, Мұрат жырларының қырғызша нұсқасы секілді көрінетін үндес, мәндес ой-пікірлер Арыстанбек толғауларынан көптеп ұшырасады. Мәселен, оның «Керәз» деген өлеңіндегі:

Күкүк үнүм жат болду,  
Отум өчуп жсок болду.  
Торгой тозуп боз болду,  
Торко тозуп бөз болду.  
Кара сакал ак болду,  
Оо дүйнө кетер чак болду.  
Эми кыл мурутум ак болду,  
Кыямат кетер чак болду, –

деген жолдар қазақ зар заман поэзиясының табиғатын да дәл танытатыны даусыз. Сондай-ақ «Бәэден туулған керди алды, Ченчи салып жерди алды» түріндегі тіркестердің де біздің әдебиетке аса жаттығы жоқ. «Торқа тозып бөз болдысы» Дулатты еске салса, «Қызыл қағаз бұл болдысы» Мұратты ойға оралтады. Ал енді Арыстанбектің «Тар заманында» қайталанып отыратын «Ушул заман тар заман, Азуулууга бар заман, Бечарага зар заман», – деген жолдар Шортанбайдың «Азұлыға бар заман, Азусызға тар заманымен» төркіндес екеніне ешкімнің дауы бола қойmas.

Елге қырын келген заманнан жеріп, айналадағы болмыстан өзін-өзі оқшаулаған ақындық көніл-күй Дулат поэзиясында Байғыз бейнесі арқылы «Көзге түсер сиқым жоқ» сипатында бедерленсе, дәл осы ахуалды Арыстанбектің айшықтауы тілдік-стильдік түрғыдан сол үлгіге жақын келеді:

Сүлдөрүм бар, өзүм жсок,  
Мурункудай сөзүм жсок.  
Булбул өңдүү доошум жсок,  
Мындан кийин көзүм жсок.

Сондай-ақ Арыстанбек қазақ зар заман әдебиетіндегі секілді жаңа келген заманның киім кио үрдісіне тосыркай қарайды. Оның «Этеги жок, жени жок, Кийим чыгат дечу эле», – деп ой түюі Мұрат ақынның «Үш қиянындағы» «Киім кисе жені жок, Етегі бар да белі жок, Бармақ сияр жері жок», – деп шошынуымен үйлесіп жатқаны анық. Арыстанбек өлеңдеріне қазақ зар заман поэзиясындағы басқа да мотивтер, мәселен, зордың қор, қордың зор болуы («Улуу суунун баарысы, Чулук болот дечу эле, Кичи атанын баарысы, Уулук болот дечу эле»), малдың шығынға ұшырауы («Короодогу айдаган, Кой азаят дечу эле»), әйелдің ерге өктемдігі («Эмки азамат баарысын, Катын бийлейт дечу эле»), ағайынның берекесіздігі («Эки агайын бир тууган, Ақы алышат дечу эле») сияқты заманың азған түрін көрсететін құбылыстарды бейнелеген тіркестер көптеп ұшырасады.

Арыстанбектің ең басты шығармасы – «Тар заман» толғауы. Бұл – Қалығұлдың «Ақырзаманымен» мазмұндас, ұндес дүние. Қырғыз зерттеушілері көбіне-көп поэма деп атайдын бұл екі туынды әр кезеңнің жемісі болғанымен, бірін-бірі толықтырып, тарихи мазмұнды желіні жалғастырып тұрғандығымен ерекшеленеді. Кейде тіпті бір адамның шығармасы секілді әсер қалдырады.

Батма Кебекова «Тар заман» толғаулар топтамасының өмірге келген уақытын 1850-1870 жылдар деп болжап, шартты түрде екі бөлікке бөледі: 1. Орыстар басып кіріп келе жатыр деген хабардан соң жырланған жырлар. 2. Орыс отарлаушылары қырғыз жеріне келіп қоныстанып, үстемдік жүргізген тұста өзі қуә болған оқиғалар туралы толғаныстары [1, 97].

М. Богданова Арыстанбекті Қалығұлмен салыстыра отырып, екі түрлі ерекшелігін атап көрсетеді. Біріншіден, ол – үнемі ел ішінде, халық арасында болған ақын. Елжүрттың тіршілігіне етене араласқан, олардың қайғы-мұнын бөліскең, патша шенеуніктерінен, бай-манаптар мен әкімкарапардан қудалау көрген. Екіншіден, ол тек патша үкіметі деспотизмін әшкерелеп қана қоймайды, халыққа тіс батырған қырғыз билеушілерін де аяусыз сынайды [4, 86-87].

Қалығұлдың «Ақырзаманы» – болашакты болжап, отаршылдықтың ойранын көзбен көргендей айқындалап берсе, Арыстанбектің «Тар заманында» сол аласапыран дәуірдің келгеніне қуә болған ақынның көзқарасы айттылады. Отаршылдық жорығының зобаландары баяндалады. Яғни, «Ақырзаман» – көріпкелдіктің, «Тар заман» – көріпбілгендіктің нәтижесі. Эрине, бұл толғауда Қалығұлға тән өрнек-айшықтардың ұшырасатынына күмән жок. Себебі, Арыстанбек оны ғұмырында көрмесе де, ауыздан-ауызға жетіп, ел ішіне кең таралған өлең-жырларын жаттап өскен. Сондықтан оның шығармашылығына Қалығұлдың ықпал-әсері болуы заңды. Бұл орайда жыр жампозы шығармаларының поэтикасына терең бойлаған Қадырбек Матиев айткандай, «Тар заманын», «Ақыр заманын», «Зар заманын» заманизм фонын, трагедиясын біз осыдан көреміз [5, 29].

Т. Саманчиннің айтуы бойынша, Арыстанбек «Тар заманды» 1860 жылдардың ішінде шығарған. Арыстанбек бұл поэмасын бір жырлап, соны қайталаумен ғана шектелген жоқ. Кейінгі он бес, жиyrма жыл ғұмырында ішінде ел алдында ұзбей жырлаумен болған. Сондай-ақ Арыстанбек «Тар заманды» әр айтқан сайын өзгертіп-өндеп, әрлеп-әсемдеп, көркемдігін арттыра түсkeн. Бірақ Арыстанбек өмірден өткеннен кейін поэма көп бүрмаланған. Осы шығармаға Арыстанбектің өзге жырлары араласып кеткен. Кейбір ақындар өз сөздерін қосып жіберген. Сөйтіп, «Арыстанбектің «Тар заманын» алғашқы түрінің кейбір нұсқалары ғана қалған [2, 162].

Соған қарамастан «Тар заман» Ресейдің қырғыз жеріне отаршылдық жорығын нақты көрсеткен, озырылых пен ойранға халықтың қарсылығын жыр тілімен жеткізген, ұлт мұддесі тұрғысынан ақындық-азаматтық көзқарас білдірген тарихи әрі көркем шығарма ретінде бағаланады. Арыстанбек Бұйлашұлының өмірі мен шығармашылығын

арнайы зерттеген қырғыз ғалымы Назгүл Бегалиева «Тар заманың» алғашқы бөліміндегі отарлаудың болмай қоймайтындығы жөніндегі топшылаулар ақынның қазақ еліндегі хал-ахуалды түсініп-түйсінуінің нәтижесінде туындағанын атап көрсетеді. Демек, «қонсы елдегі мұндай жағдайлардан хабардар Арыстанбек қырғыздарды да осындай тағдыр күтіп тұрғанын ойлап, қауіптене бастаған» [6, 63]. «Тар заманды» әр қырынан зерттеп-зерделеген Н.Бегалиева толғаудың тууына себеп болған тарихи оқиғалар мен болжам-байыпташыларды әрдайым қырғызбен тіршілігі етene араласқан қазақ тарихымен байланыстырып отырады. Оның: «Арыстанбек орыстардың келуін сөзсіз болатын факт деп есептейді. Орыс мемлекеті бірде жеңіп, бірде жеңіліп жүрген қытай немесе қоқан билігі емес, құрал-жарапты, қуатты мемлекет екенін, мұндай мемлекетке қазақтар сияқты қырғыздар да бодан болуы мүмкін екендігін алдын ала болжап-білген» [6, 64], – деген пікірін осы тұрғыдан ұғынған жөн. Ал, ақын басқа бір толғауында:

*Капыр келет дегенде  
Зарлап ырдай баштадым.  
Күндүр-түндүр какшаадым,  
Мундуу үнүм баспады,  
Жүрт башына жаскады.  
Оо калайык, несин айтайын,*

Орус берди жазанды, - деп «күні бұрын жамандық шақырып жазықты болғанын» өзі де айтады. Т. Саманчин деректеріне сүйенсек, ел ішінде келер заманың жақсылығын айтпай, жаманатын дәріптеген Арыстанбектің көзін жою керек деушілер де табылған. «Олардың бірі «Арыстанбектің тілін кесіп, көлге тастау керек» деп жүртка жариялады. Өйткені «Келер жамандық бір ырчының, бір сыншының аузында болады, егер Арыстанбек өлсе, оның айтып жүрген сұрқия заманы келмей қалуы қәдік» деп ақынның өлуге тиіс екендігін негізден түсіндірген. Эрине, мұндай «ақылмандық» қылған бұзақының тіліне еріп, ақынына қол көтерген ешкім жоқ. Қайта елдің көкірегін керген қайғы-мұнды шеберлікпен жырлаған Арыстанбекті жүрт «бұлбұлым» деп еркелетіп, атағын аспандатқан» [2, 160-161].

Арыстанбектің пайымдауы бойынша, келер заман – езілудің, құл болудың заманы. Дүлей күшке қарсы тұрар шама жоқ. Қалығұл әйтеуір тұбі бір болатын, бірақ қашан келетіні белгісіз кесел-кесапатты болжаса, енді қыр астындағы отарлаушылар еліне бүгін-ертең ауыз салғалы тұр. Сондықтан ақын халқына алыс келешектегі зауалды емес, төніп тұрған қауіпті ескертті:

*Бұл заманың кай заман, ой жсуртум?  
Ушул орус чыкканда,  
Кара жол кылар көлүнду,  
Эсепке алар жеринди.  
Кайсаңдар сенде чама жоқ,  
Капкандай чабар белинди.  
Ой жсуртум, аман болсоң көрөрсүң,  
Араба менен чананы,  
Торпок менен тананы.  
Зили тұбұ сактарсың сары талааны.  
Солдаттықка берерсің,  
Ичинден чыккан баланы.*

Жалпы, зар заман поэзиясындағы негізгі ерекшеліктің бірі – тосын құбылыстарға тосырқай қараушылық десек, Арыстанбек толғауында да бұрын үрдіс емес нәрселерді жатсынудың, ел ішіне келген жаманшылықтың белгісіндей сезінудің көріністері бар. Мәселең, ол да ақшаға, киім-киіске, арба мен шанаға, үй-тамға байланысты көзқарастарын айтады. Осының көшілілігін ақырзамандық сарындағы бұрынғыдан

қалған аталы сөздермен дәйектейді. Бұл турасында: «Тегиз жерге тегирмен жүрөр», – деп Қалығұл қария айтқандай, Арыстанбектің түйсінүі бойынша, патша өкіметінің билігімен бірге қырғыз жеріне жаңа тіршілік, бұрын белгісіз болған жаңа техникалық өнер түрлері келе бастады. Қырғыздар арба мен шананы көреді, «сыммен сөйлескен» телеграмманы көреді. Алтын, күміс теңге жоғалып, оның орнына қағаз ақша шығады... Жаңа билік, жаңа тіршілік белгілерінің негізінде ел арасына білінер-білінбес жаңа тәртіп кіре бастады. Жаңа тәртіп өз ретімен елдің салт-санасына, нарық-нұсқаларына аздал әсерін тигізді» [2, 167], – дейді Т. Саманчин. Ақынның осы тақылеттес құбылыстарға үркे қараған ой-толғаныстары былайша өрнектелген:

*Карагайдың башында  
Чыны болот дечу эле.  
Чыны менен жұргұзғон,  
Зымы болот дечу эле.  
Алты айчылых жолдордон,  
Алты күндө сойлошқон,  
Бул катаудың сыры болот дечу эле.*

Ақын шығармашылығында отарлаушылардың портреті, отарлау дәуіріндегі замана адамының образы шебер жасалған. Оның өлең-толғауларын оқығанда сол дәуірдің кейіпкерлерін – қандықол жасауылдың, шіренген шенеуніктің, парага құныққан би-болыстың бейнесін жазбай танимыз. Арыстанбек жырларында кейде озыры отарлаушының, жандайшап билік иесінің жұртшылық ұғымындағы түр-тұлғасы уытты тіл, ашы мысқылмен жеке-жеке көрініс тапса, кей тұста жалпы замананы сипаттау, отаршылдық жүйе епте болмысын өзгертуен қоғам адамын мінездеу үшін жиынтық образдар қолданылады.

*Салам айтса алик жсок,  
Эсен айтса шүгүр жсок,  
Шариат менен иши жсок,  
Заманың келди жасакындан,  
Тайған иттей тақымдан.*

Осыдан кейін ол зар заман ақындарының бәріне тән «ақындық пессимизмге» бой ұрады. Өз дәуірінің азған-тозғанынан жеріп, Арыстанбек те тығырықтан шығар жол таппай, барап жер, басар тау қалмағандай күй кешеді. «Жайлар турғай жер кайда, жайылып жаткан эл кайда, Ачып кирер көр кайда?» – қырғыз зар заман жыршысының жан қиналышының бір ауыз сөзбен түйінделген түрі. Бірақ осындағы көніл-күйдегі толғаныстардың өзі біржола боркеміктеніп, жұнжіп-жасып кетуге емес, рухты оятуға, сананы сілкінтуге, еңсөні көтеруге үндейді. Халқының мұддесін көздеғен «Арыстанбектің «Тар заманының» және басқа жырларының идеялық бағыты елдің ұлт еркіндігі жөніндегі талабына негізделген. Сол кезде тұс-тұсынан қаптаған түрлі жаулардың шапқыншылығына ұшырап, таланып жатқан ел өз бетінше күн көруге ниет қылған. Елдің осы саяси талабы Арыстанбектің жырларына идеялық негіз болып, оның барлық шығармаларынан орын алған» [2, 174].

Қырғыздардың жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты кедей-кепшіктердің отырған орнын тартып алу есебінен жүзеге асты. Алдымен, қазақ жұрттың емін-еркін жайлаған қарашекпендер Алатаудың арғы бетінен де тұрақ таба бастады. Бұл мәселеге қоғамдық-саяси тұрғыдан зер салған А.Алтмышбаев былай дейді: «Дәстүр бойынша рулық қауымның меншігі саналған жер сол тұста тек байманаптардың иелігінде болатын. Алдында малы жоқ, қолында өндіріс құралы жоқ кедейлер оны пайдалану мүмкіндігінен айырылған еді. Патшаның қоныстандыру саясаты кедейлердің онсыз да қын ахуалын ауырлатып жіберді. Елдің орталық облыстарынан келген орыс шаруалары осындағы мұқтаж кіслерді ығыстырып, солардың қонысына орныққан соң, бар мүлкінен ада болған жарлы-жақыбайлардың

саны жылдан-жылға арта түсті» [7, 129]. Жердің өзгенің иелігіне көшіп, халықтың қоныстан айырылғанын зарлана жырлау – Арыстанбек шығармашылығына да тән нәрсе. Оның Мұрат өлеңдерінің, тіпті сонау Ноғайлы дәүірі жырларының үлгісін еске салатын «Аштық чыгар жерди алар, Бәэден туулган керди алар» немесе «Ченчи салып жерди алды» тіркестері ел-жүртты тұрақты мекенінен қуып шыққан отарлаушылардың озырылдығын әйгіледі.

Патша өкіметі 1868 жылы қырғыз еліне болыстық басқару тәртібін енгізді. Қазақ жеріндегі реформалар секілді жана жүйе көрші халықтың да наразылығын туғызды. Тарихи тамырлас, қоңсы қонған қос елге отаршылдық билік бірдей тәжірибе қолданды. Қырғыздар жасауылдардан да, өз ішінен шыққан белсенділерден де зорлық-зомбылық көрді. Атқамінерлерді болыстыққа таластырып, ағайын арасында алауыздық тудыруды көздеңен сұрқия саясат жемісін бере бастады. Арыстанбектің «Тар заманы» – нақ осы тұстағы әлеуметтік ахуалды шебер бейнелеген шығарма. «Тар заман» оқигалары Қалығұлдың болжалдық поэзиясының жүзеге асқан кезеңінің көрінісіндей әсер қалдырады. Біздегі Асан Қайғы, Бұқар жырау жырларында ұшырасатын «келешекте жерінді орыс алар», – деген ескертпе қырғыздың әдебиет нұсқаларында да бар. Сондықтан Арыстанбектің:

*Карылардан көп уктуқ,*

*Уламадан сөз уктуқ.*

*Ошондо оңу сары, көзі көк,*

Орус чыгат дечү эле, – деп толғауы занды нәрсе. Ақынның ойынша, келер заманды болжаған ақылмандардың айтқаны қалт кетпеген. Арыстанбек «Тар заманды» жырлау үстінде көнекөз ғұламалардың заманның тарылуы, тіршіліктің жұтандануы, дүниенің берекесізденуі хақындағы көріпкелдік тұжырымдарына жүгінеді. Патшалық реформаның қырғыздың байырғы тіршілігіне үйлеспейтін көріністерін Арыстанбек Шортанбайдың үлгісімен санамалап берді. Болыстық басқару жүйесіндегі он басы, елу басы қызметі оның жырларында да талай рет тілге тиек болды:

*Он болөктөн үй чыкты,*

*Он башы деген бир чыкты,*

*Эки болөк үй чыкты.*

*Тебетейин кырдантым,*

*Элүү башы бий чыкты.*

Қазақ ақындарының «Жаңа низам» тәртібі тұсындағы өлеңдерінде жеріне жеткізе айтылған болыс-бидің іс-әрекеті Арыстанбек шығармашылығынан тыскары қалмаған. Тіпті ол болыс мәртебесінің пайда болуын ойшыл бабалар болжаған құбылыстардың қатарына жатқызады. («Ошол орус чыкканда, Мин үйлүүгө баш болуп, Болуш чыгат дечү эле»). Сондай-ақ өзі көзімен көрген болыс-ыстаршындардың елге жасаған озырылдығы («Бирди болуш жеп койду, Бир ыстарчын деп койду») оның шығармашылығының негізгі тақырыптарының бірі саналады.

Арыстанбек өзгенің үстемдігіне мойынсұнған, замананың зауалына карсы қайран қылмаған өз халқын да сынға алады. Бұл үрдіс қазақ ақындарының шығармаларында кездесетіні белгілі. Жалпы, көрші елдің жыр жүйріктері өлең толғауларында елдегі үрім-бұтағы мол әулет жайған Бұғы руының атауын «қырғыз» ұғымы ретінде көп қолданылады. Бұл, әрине, Арыстанбекке де тән:

*Карагайдын таңында,*

*Әлик болгон көп бугу.*

*Каптан тұздуда көтөргөн,*

*Көлүк болгон көп бугу.*

*Башка чапса былк еттес,*

*Өлүк болгон көп бугу.*

Дей тұрсақ та, Арыстанбек мұндай тығырықтан шығудың жолын қарастырады.

Әрине бұл жерде ол, зерттеуші Н. Бегалиева атап көрсеткендей, бірлесіп іс-қимыл танытуға үндейді. Сонда ғана тым болмаса, елдік дәстүрлерің, салт-санан сакталып қалмақ. Қебіне-көп қырғыз бен казактың бірлігіне үміт артады. Қырғыздың барлық заманшы ақындары сияқты ол да өлең-толғауларында казак атын үнемі өз ұлтымен қосақтап айтып отырады. Сол арқылы екі елдің тағдырластығы мен бауырластығын анғартады.

*Казак, қыргыз жыйылын,  
Башталғанын айтайын.*

\* \* \*

*Казак, қыргыз жыйылын,  
Бата қылым алсак бейм.  
Кашкардагы Бакдөөлем,  
Ата қылым алсак бейм?*

\* \* \*

*Казак қыргыз мусулман,  
Көзүм жестепейт артына,  
Кандай гана заң болду?*

Дегенмен, осы атадәстүрді ұмытпауға, ауызбірлікке, рухты өшірмеуге үндеғен ақын жырларын «Арыстанбек қырғыз және қазақ халықтарын Қашқар теократиясы бағытындағы мұсылман мемлекетін құруға шақырады» [8, 20], –деген пікірге негіздеғен ғалымдар болды. Сол кездегі идеологиялық талап тұрғысынан талдау жасаған Дүйшө Айтмамбетов те осы тұжырымды қуаттайды [9, 91]. Біздіңше, бұлар – белгілі бір саяси құрес тәсілін ұстанған тұлғалар емес, қоғамның әр кезеңдегі әлеуметтік көңіл-күйін шығармаларына арқау еткен, соған орай өз көзқарасын танытқан жыр жүйріктері.

Тәуелсіздік, ел бірлігі, замана ақиқаты, отаршылдар ойраны сияқты тақырыптар ақындар айтыстарына арқау болған. Мұндай сөз сайысында жанға батырып, шындықты айтқан жыр жүйрігі женіске жетіп отырған. Қазір зерттеушілер бұл тақырыпка да түрлен сала бастады. Осы талап тұрғысынан қарағанда, Арыстанбек пен Қантарбай айтысының қырғыз нұсқасына сокпалай өте алмаймыз [1, 116-125].

Қазақ ақыны Қантарбай мен Арыстанбек Қарқара жерінде қазақ, қырғыз мол жиналған бір алқалы топта жолығысып, бақ сынасыпты. Арыстанбек бір қайырып жырлағаннан кейін Қантарбай ақын айтыстан бас тартқан көрінеді. Арыстанбектің өлеңі соншалықты мәдениетті. Бағзы бір жыр сайыстарындағыдай намысқа тиу, шымбайға батыра сөйлеу, дөрекілік таныту атымен жоқ, негізгі мақсат отаршылдықтың ойранын айтып, маңдайының соры қалың екі елдің уайым-қайғысын жыр тілімен жеткізу болғанға ұқсайды. Әдепті тізгін қағар тұста Қантарбайға қарата айтылған сөз берен сонында қойылған сауалдар болмаса, мұны Арыстанбектің замана туралы толғауы десе де жарасар еді. Қырғыз ақыны қарсыласының өнері мен мүмкіндігін салғаннан жоғары бағалайды:

*Оо казактан чыккан Қантарбай,  
Домбураңды чалганча,  
Ойбойлон обон салганча,  
Каркылдан үнүң калганча,  
Каркыра учар толгонун,  
Каракүш кетер ойгонун.  
Кара туткан сұлтаның,  
Кашындағы ултанаң,  
Калың қыргыз олтурат,  
Сөздү сынга толтурат.  
Каада менен айтыштай,*

*Өйдө-төмен чарычтай,  
Мени бир мыят кылат деп,  
Калар бекен ойлонуп?*

Арыстанбектің бірден «самсаған қолдан озамын, алдыннан келсөн аламын, артымнан келсөн шаламынға» баспай, керісінше Қантарбайдың мереейін көтеріп, «Сен де бір елдің үмітін арқалап журген ақынсың, тілеулестеріңің қөнілін қалдырма», – деген сарынмен сөз саптауы сүйсіндейді. «Сөзден тосылып, айттыста ұпай беріп алсан, жақсылар сені жанына ертпей қояр», – деген ескертпесі де жоқ емес. Жалпы, қарсыласына көпшік коя сөйлеп, ашуға бой алдырмай, намысты қамшыламай-ақ, жәнжоба білетіндігін танытып отыру – айттыс өнерінде бұрыннан бар дәстүр. Арыстанбек те осыны мықтап ұстанған тәрізді:

*Калк баштаган султанаң,  
Калка кылар ултанаң,  
Жеңілшіл калсаң сөз таптай,  
Калчылдан жисин келбесин.  
Сени кастарлап тойго ээрчитип,  
Калк көрсөтүп телчитип,  
Алып жүрбөй жсанына,  
Ээлик кылбай алыңа,  
Кайырылып камчы салбасын.  
...Айтышканы олтурсуң,  
Беделиң түшүп калбасын.*

Арыстанбектің замана туралы санат сөзін бастар алдында өз есімін казак ақыннының атына ұқастыра әзілдеуі де жарасымды: («Сен казактан чыккан Қантарбай, мен бугудан чыккан Арстанбай»). Әрине, алдан жыр жүйрігі түскенін қаламайтын, бұл төңіректе менен өткен ақын болмас деген масаттанушылық әдет Арыстанбекке де жат емес. Сөз арасында:

*Казак, қыргыз ичинен  
Мага тең келер ырчы жосок эле, - деп Қантарбайға ептеп қыр көрсетіп те қояды.*

Көбінесе Мөңке бидің атына телінетін «Ақырзаман боларда су тартылар, Қарап түрған жігітке қызы артылар» сипатындағы болжал өлеңнің нақыл сөзге айналып кеткен тіркестері халық арасында кең тараған. Сол Мөңке бидің есімін Қантарбаймен айттысып отырган Арыстанбек ауызға алады:

*Мөңке бий айткан кеп эле  
Арстанбек кимден кем эле.  
Санат сезум сан эле,  
Санжыра сезум кап эле.*

Мәшіүр Жұсіп Көпейұлы жинаған «Ногайлыдан шыққан Мөңке бидің тақпақтап айтқан сөзі» Арыстанбектің Қантарбайға айтқан жырымен мағыналас. Арыстанбек Қалығұл Байұлының тұжырымдарына да сүйенеді. «Кырғыз эл ырчылары» деген кітапты құрастырган әдебиетшілер өлеңдегі «Илгеркинин жакшысы, Олюя сындуу бакшысы» деген жолдарды дәлел етіп, «Бұл жерде Қалығұлдың санаттары жөнінде айтылып отыр. Өйткені Орман хан оны «бақсым» деп атаған», – деп байлам жасайды [1, 117]. Бірақ бәрібір осы өлеңдердің түбі бір екендігі дау тудырмаса керек. Мәселен, Мәшіүр Жұсіп жазып алған Мөңке би айтты деген толғамдар былай өріледі:

*Азарсың, жұртый, азарсың,  
Азарыңың белгісі:  
Тайгақ-тайгақ көлдерден,  
Балық шығар деп еди.  
Ол балықты аулайтын,  
Үш ашаалы шанышқылты,  
Қайық шығар деп еди.*

\* \* \*

*Ауылдарын шу қылган,  
Жаулықтарын ту қылган,  
Зайыт шығар деп еди.*

\* \* \*

*Заман ақыр адамы,  
Мен-мен шығар деп еди [10].*

Осы күй осы сарын Арыстанбектің Қантарбайға айтқанынан да анғарылады. Мәңке бидің «...деп едісі» мен қырғыз ақынының «...деп айтқаны» бұл толғамдардың әріден келе жатқанын, халықтық қағидалармен өзектес боп кеткенін айғақтайды. Арыстанбек өз ойын Мәшһүр Жүсіп ұсынған жоғарыдағы толғамдардың желісімен сабактастырады. Ата-бабадан жеткен бедерлі болжамдардың айна-қатесіз ақиқатқа айналып жатқанын жыр тілімен тиянақтайды. Қырғыз ақыны өз өлеңін отаршылдықтың зардап-залаңын айту ынғайына бейімдейді. Ақырзамандық түсініктерді ойға оралтатын құбылыстардың пайда болуын билеп-төстеуешілердің ойранымен байланыстырады:

*Өңү сары, көзү көк,  
Орус чыгат деп айткан.  
Узун чөптүн баарысын,  
Оруп чыгат деп айткан.  
Кыска чөптүн баарысын,  
Коруп чыгат деп айткан.  
Ай асаламдын баарысын,  
Соруп чыгат деп айткан.  
Эки башын кайкайтып,  
Мейил кадыр болом деп,  
Зайыт чыгат деп айткан.  
Калем алым кат жасаған,  
Безер чыгат деп айткан.  
Калитты чындаі сүйлөгөн,  
Эсер чыгат деп айткан...*

Қырғыз ақынының айтуынша, мұның бәрі – ақырзаманның белгісі. Тірлік азып, жер тозып, дәстүр бұзылды, бабалардың айтқаны келді. Бұл – құрдымға кетудің басы. Ендеше, ақырзаманның да алыс емес. Қырғыз бен қазаққа қырындау келген сол беймаза заманың адамы, ел билеген болысы, үлкені мен кішісі қандай болмақ? Арыстанбек осы сауалдың төнірегінен ой туындалады. Ақынның өз шешімін айтпас бұрын табан тіретін түпқазығы – ақырзамандық сарындағы дәстүрлі толғамдар, яғни жердің тарылуы, табиғаттың тозуы, адам мінезінің өзгеруі, діннен безіну, айтыстастыстың, дау-дамайдың көбеюі хақындағы тұжырымдар. Соның бәрі айтыс үстінде тілге тиек болды. Өз заманының күрделі жұмбақтарына жауап іздеген Арыстанбек осыны сөз сайысина ой-тамызық ретінде пайдаланады. Айтыскерлердің қай-қайсысы да ақындық танымына жақын, кеңінен көслуге қолайлыш мәселені қаузайтыны рас. Сол сияқты Арыстанбек те замананың түр-сипатын ақырзамандық түсініктер арқылы көрсетуге ұмтылды:

*Ақыр заман кишиси,  
Башка болот деп айткан.  
Адеби жеке сүйлөгөн,  
Кашка болот деп айткан.*

\* \* \*

*Ақыр заман адамы,  
Бакыл болот деп айткан.*

Эгини өнүп чөп чыкпай,  
Такыр болот деп айткан.  
Андан кийин замана,  
Акыр болот деп айткан.  
Акыр заман адамы,  
Алым болот деп айткан.  
Аяттын сөзүн бек туттай,  
Залим болот деп айткан.  
Аганын тилин ини албай,  
Чагым болот деп айткан.

Заман халін осылайша жырлап болған соң, «Орыс келген соң өзгерген ахуалды енді сен айтшы», – деп кезекті Қантарбайға ұсынып, бірнеше сауал тастайды: Кәде қандай, халық қандай? Сана қандай, салт қандай? Дінің қандай, діл қандай? Ханың қандай, жат қандай? Жарлың қандай, бай қандай? Билік қандай, би қандай? Елің қандай, ер қандай? Заман қандай, зан қандай? Сонда Қантарбай: «Мен жауап бермей-ақ женилдім», – деп ризашылығын білдіріпті.

Аталған кітапта мынадай дерек те келтіріледі. «Жолда келе жатқанда ертіп барған сұлтаны (кей нұсқада Тезек төре делінеді): «Бұл қалай болды, Қантарбай, қазақ ішінде сенен мықты ақын жоқтай көрінуші еді, Арыстанбектің алдында бөріні көрген күшіктей қораға кіре қаштың гой, бір ауыз жауап беруге де жарамадын», – деп жекіріп қалады. Сонда Қантарбай: «Арыстанбек жеті су кешіп өткен ақырзаманның жыршысы еken, екі иығында екі періштесі бар, солардың айт дегенін айтып отырды. Ақырзаман болатын болғаны гой», – деген еken» [1, 125].

Біздің мақсатымыз – ақындар айтысында кімнің женгенін анықтап, сөз сайысының көркемдік әлемін дәріптеу немесе осының өзі айтыстың қалыбына келе ме, жоқ па деп сөз таластыру емес. Айтайын дегеніміз – қырғыз зар заман әдебиеті өкілінің айтысқа түскені және айтыс үстінде біздің зар заман ақындарымыздың үрдісімен отаршылдардың талауына түскен халықтың ахуалын жырлағаны.

Арыстанбектің Қантарбаймен айтысы, дәлірек айтқанда, оған арнал жырлаған мұн-зары дәстүрлі зар замандық тұжырымдарға толы. Мұнда ел мен жердің қайғысы, отаршылдардың ойраны, билікке таласқан би-бөлystардың бүлігі, ағайын арасындағы ахуалдың өзгерісі, жаңа жүйенің ықпалына бейімделген адам психологиясы нақты көрініс тапқан. Ақын заманның азғаны мен тозғанын сөз еткенде, әрине, өткен өмірдің жақсылығы мен иғіліктерін салыстырмалы өлшем ретінде алады. Арыстанбек сол биіктен қарап, құрып бара жатқан тіршілікті, еркінен айырылған ерді, көркінен айырылған жерді көреді. Соның бәрін тегіс санамалап, жырына қосады:

Азаматтан ал кетти,  
Аргымактан жсал кетти.  
Адырга толгон мал кетти,  
Айры өркөчтүү нар кетти.  
\* \* \*

Көркү кетти жеринәдин,  
Мұлку кетти элиңәдин,  
Күлкүсү өчтүү эриндин.  
\* \* \*

Саны кетти жасашыңдын,  
Сыны кетти башыңдын,  
Тар заман келди тақымдан.

Қырғыз ақыны қазақ ақынына отарлаушылардың зорлық-зомбылығын ашына айтады. Патша жендеттерінен қазактың көрген нәубеті енді қырғыз айылдарына келгенін баяндайды. Мұздай қаруланған қуатты елге қарсы тұруға қайран жоқтығына

күйінеді. Халықтың ауызбірлігінің аздығына, көнбістігіне, момындығына налиды. Тегінде, Арыстанбек Қантарбаймен айтысқанда оны әдеттегіше сөзден іліп-шалудан гөрі, заманның зары мен мұнын айтып, қарсыласының қабырғасын қайыстыру арқылы жеңіске жетуді мақсат тұтқан тәрізді. Өйткені мұнда ру мен ру, ұлт пен ұлт арасындағы сөз өнеріне ілік болар түйткілдер жоқ. Қантарбайды әбден қажап, намысын ояту ниеті де сезілмейді. Қырғыз ақынына екі елдің басына түскен қайғы-мұнды жеріне жеткізе жырлаудан өнер жарыстыру парыз болған. Осыны Қантарбай да жақсы түсінген. Отаршылдық дәүірдегі қазак пен қырғыздың тағдырын тебірене толғаған Арыстанбектің өнеріне тәнті болып, сөзге тоқтаған. Өз еліне қоса қазақтың мұнын мұндалап, жоғын жоқтаған қырғыз ақынымен айтысруды қажет деп таппаған. Бұл айтыс-толғауда екі жүрттың да Ресей үкіметі құрсауындағы хал-ахуалы нақты бейнеленген.

Арыстанбек Бұйлашұлының қазақтың әйгілі ақыны Сүйінбай Аронұлымен айтысқаны белгілі. Бұл айтыстың бір нұсқасы қырғыздарда сақталған. Жалпы, Арыстанбек Сүйінбайдың өнерін өте жоғары бағалаған. Ол өзінің «Керәэз» деген термесінде қазак ішіне барып, замана жырын жырлап, Тезек төрениң алдында ақынмен сөз сайыстырғанын айта келіп, «Экейден чыккан Сүйүмбай, Башканы көргөн буюмдай, Айтса сөзу қуондай, Аны менен айтыштым, Өткөн кептен тартыштым» [11, 17], – деп толғайды. Қырғыз ақынының Сүйінбайдың айтысында екі елдің сыйластығы жеңді деген үйғарым жасалады. Себебі екі мықты айтыскер бір-бірінен сөзден жеңілмейді. Арыстанбек қанша жерден тілін безеп, шымшып отырса да, Сүйінбай аса ұстамдылық танытып, оны бірлікке шақырады. Айтысты қаумалап көріп отырған қырғыз ақсақалдары осы аталы сөзге ден қояды. Сол арқылы бәсекенің қай қырынан да Сүйінбайдың бәсі жоғарылау тұрганы дау тудырмайды. Сүйінбай мен Арыстанбектің сөз сайысы екі ақынның да айтыскерлік өнерінің шоқтығы биіктігін танытатын нақты мысалдың бірі ретінде әдебиет тарихында қалды. Аталған айтыс жеңінде біздің жетекшілігімізben ғылыми еңбек қорғаған Т. Омаровтың кандидаттық диссертациясында жан-жакты баяндалғандықтан [12, 70-77] бұл мәселеге кенірек тоқталмаймыз.

Қазақтың зар заман жырларында жетіп артылатын «майыр» сөзі Арыстанбек өлеңінде жиі кездеседі:

Орусуң оқой қек эмес,  
Оңдуруучу неме эмес.  
Майыры турат башында,  
Мылтығы турат кашында.  
\* \* \*

Майыр деген эмеси,  
Жылқыдан таңдалат кармады.  
Өз малымды бергін деп,  
Үрөйү учкан кыргыздын,  
Бир да бири барбады.

Сонымен қатар Арыстанбек Женіжокпен айтысқанда ауық-ауық өз толғауларының өзегіне айналған замана туралы көзқарасын білдіріп отырады. Қарсыласын да соған бейімдеп, ой тастайды: («Замананың зарын ук, Каапырлардың каарын ук, Мусулмандың жайын ук»). Бұдан шығатын қорытынды, Арыстанбек айтысты тек табан астында суырып салып, бәсекелестің осал жерін тауып, іліп-шалып, әжуалап жеңетін өнер жарысы деп қана ұғынбай, көкірек кенішінде әбден пісіп-жетілген өз дәүірі хақындағы ой-толғамдарын айтЫП, шер тарқататын болған.

Отаршылдық кезеңге халықтың әбден мойынсұнғаны ақын толғауларынан айқын көрінеді. Тіпті «Көч алды болор орусун, Сары жүрт болор конушун», – деп көріпкелдік айтқан Арыстанбектің өзі де кейін орыс билігінің тәуір деген жақтарын тілге тиек етеді

(«Сары орус султан болгону, Саамал ичип кенелдик»), шаруақорлығын өнеге қылады («Карагай экен чарбагы, Катуу экен салмагы»).

Сонымен, қырғыздың айтулы ақыны Арстанбек Бүйлашұлы шығармашылығы хақындағы байыттамаларымызды түйіндер болсақ, оның заманың зар-мұндын бедерлеген өлең-толғауларының бар мазмұны өзінің екі ауыз өлеңіне сияды. Аумалытәкпелі уақыт ауқымында алсақ: «Замана жаман тарыды», отаршылдық дәуір кезеңіне баласақ, «Эми орус зор болду, Кайран кыргыз кор болду». Ақынның поэзиясындағы ұлт мұддесімен үндес ұлы мұрат аталған тұжырымдардан бастау алады.

**Әдебиеттер:**

1. Кыргыз эл ырчылары [Текст]. - Бишкек: Адабият жана искусство институту, 1994. -180 б.
2. Арстанбек. Ырлар [Текст] / Арстанбек. - Бишкек: КЭ Башкы редакциясы, 1994. - 180 б.
3. Кебекова, Б. Арстанбек [Текст] / Б. Кебекова. - Бишкек: Илим, 1994. - 74 б.
4. Богданова, М. Киргизская литература [Текст] / М. Богданова. -М.: Советский писатель, 1947. - 292 с.
5. Матиев, К. Алп ақындын айкөл музыкасы [Текст] / К. Матиев // Ала Тоо. -1996. - №1.
6. Бегалиева, Н. Арстанбектин өмүрү жана чыгармачылығы [Текст] / Н. Бегалиева. - Бишкек: КМПУ, 1998. - 120 б.
7. Алтымышбаев, А. Очерк истории развития общественно-политической и философской мысли в дореволюционной Киргизии [Текст] / А. Алтымышбаев. - Фрунзе: Илим, 1985. - 152 с.
8. Аманалиев, Б. Социально-политические и философские идеи Токтогула и Тоголока Молдо [Текст] / Б. Аманалиев. - Фрунзе: Кир. гос. издательство, 1963. - 228 с.
9. Айтмамбетов, Д. Культура киргизского народа во второй половине XIX и начале XX века [Текст] / Д. Айтмамбетов. - Фрунзе: Илим, 1967. - 310 с.
10. Көпейұлы Мәшһүр Жұсіп. Толғамдар [Текст] / Көпейұлы Мәшһүр Жұсіп // «Егеменді Қазақстан». - 7 желтоқсан. -1991.
11. Сүйінбай мен Арстанбектің айтысы. Китепте: Қазақ әдебиеті. 5 қазан. 2001 жыл.
12. Омаров, Т. XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз әдеби байланыстары. Филологияғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Текст] / Т. Омаров. - Алматы, 2007. - 142 б.